

**2009 жылға арналған жер беті көздерінен су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем мөлшерлері туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2009 жылғы 19 маусымдағы N 16/9 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 24 шілдеде N 1717 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2011 жылғы 26 қыркүйектегі N 38/16 Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2011.09.26 N 38/16 Шешімімен**

«Салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 487-бабына, Қазақстан Республикасы Су Кодексінің 38-бабына және «Қазақстан Республикасы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 5-тармағына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2009 жылға арналған Есіл өзені бассейні жер беті көздерінен су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем мөлшерлері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Облыстық мәслихаттың «Жер беті көздерінен су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем мөлшерлері туралы» 2005 жылғы 19 қазандағы № 19/5 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оны бірінші ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың  
ХҮІ сессиясының төрағасы*

*В. Васильев*

*Қ. Едіресов*

*Облыстық  
мәслихаттың хатшысы*

Қосымша облыстық мәслихаттың  
2009 жылғы 19 маусымдағы 16/9  
шешімімен бекітілген

**2009 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Есіл өзені бассейні жер беті көздерінен су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем мөлшерлері**

					2009 жылға арналған төлем
Арнайы су пайдалану түрі	өлшем бірлігі				

			Базалық мөлшері (теңге)	Инфляция (коэффициенті)	мөлшері (теңге)
1	Тұрмыстық- пайдалану және коммуналдық қызметтер	1000 текше м.	61	1,11	67,71
2	Электр қуатын қоса алғанда өнеркәсіп	1000 текше м.	169	1,11	187,59
3	Ауыл шаруашылығы	1000 текше м.	48	1,11	53,28
4	Су көздерінен су жинауды жүзеге асыратын буу шаруашылығы	1000 текше м.	48	1,11	53,28
5	Балық шаруашылығы, су көздерінен балық аулайтын тұтынушылар	1 тонна	122	1,11	135,42
6	Гидроэнергетика	1000 кВт/сағ	17	1,11	18,87
7	Су көлігі	1000 т.км	5	1,11	5,55

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК